

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 қараша N 1207. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1349 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Акциздердің бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің заңсыз өндірісі мен айналымын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 42, 386-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңының 76-бабына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалаудың тәртібінде:

1-тармақ алынып тасталсын;

2-тармақтың екінші абзацында "арак, ликер-арак бұйымдары, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар, шараптар, коньяктар, шампан шараптары" деген сөздер "сыраны қоспағанда, спирттің барлық түрлері мен алкоголь өнімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Мыналарға акциздік алым маркаларының:

алкоголь өнімдеріне - жеті таңбалы баспаханалық нөмірлеуі болады, түстері бойынша ажыратылады және алты түрге бөлінеді: спирт, арак, күшті алкогольді ішімдіктер, әлсіз алкогольді ішімдіктер, шарап пен коньяк және пайдаланылатын сыйымдылығына (бұдан әрі - сыйымдылық) қарай: 0-0,24 литр, 0,25 литр, 0,26 литр және одан көп болып бөлінеді;

темекі өнімдеріне - екі таңбалы сериясы және марканы шығарған жылы б о л а д ы .

Алкоголь өнімдерін таңбалау мынадай түрде жүзеге асырылады:

-----	
Марканың түрі	!                      Өнімнің атауы
-----	
спирт	спирттің барлық түрлері
арақ	арақ және ерекше арақтар
күшті алкогольді сусындар	күшейтілген ликер-арақ бұйымдары және этил спиртінің көлемді үлесі 30 % және одан көп өзге күшті алкогольді ішімдіктер
әлсіз алкогольді сусындар	шарап сусындары, әлсіз градусы ликер-арақ бұйымдары және этил спиртінің көлемді үлесі 30 %-тен аз өзге әлсіз алкогольді ішімдіктер
шарап	шараптар, шампан
коньяк	коньяк, бренди                      ".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*